# ERG: ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 25 ЖЫЛЫ

# ERG: 25 YEARS OF PERFORMANCE

# ERG: 25 ЛЕТ СОЗИДАНИЯ

With an interactive mobile application

ӘОЖ 327 (084)
КБЖ 66.4 я6
Е 10

**ERG: жасампаздықтың 25 жылы, Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 ж. – 236 бет, қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде. ISBN 978-601-80512-8-9**

Фотоальбом Eurasian Resources Group-тің (ERG) 25 жылдық мерейтойына орай шығарылған. Альбомда біз 25 жыл ішінде – Топ кәсіпорындары орналасқан аймақтардың, ондағы әлеуметтік өмір қаншалықты өзгергенін, өндірістік бөлімшелер мен кәсіпорындарды модернизациялау кезеңдері қалай өткенін көрсетуге талпындық. Мұнда мұрағаттың қаз қалпындағы кадрлары мен бүгінгі күнгі суреттер салыстырмалы түрде паш етілген. Басылымның бірегейлігі – кейбір фотосуреттерге "жан бітіруге" болады. ERGland AR қосымшасының арқасында әлемнің кез-келген нүктесінен Сіз Қазақстандағы, сонымен қатар Конго Демократиялық Республикасы мен Бразилиядағы ERG-дің "туған қалаларына" виртуалды саяхат жасай аласыз. Смартфон камерасымен өндірістік және әлеуметтік нысандардың суреттерін нысанаға ала отырып, ғимараттардың 3D-модельдерін көруге, өндірістік алпауыттардағы өндірістік процестердің бейнелерімен және моноқалалардың әлеуметтік инфрақұрылымымен танысуға болады.

**ERG: 25 years of performance, Nur-Sultan, 2019 – 236 pages, in Kazakh, English and Russian. ISBN 978-601-80512-8-9**

The photo album is dedicated to the anniversary of the ERG (Eurasian Group). In the album we show how over 25 years – the period of the Group's presence in the regions, social life has changed, stages of modernization of production units and enterprises have passed. Here are archived shots and photos of new objects. The uniqueness of our publication is that some of the photos can be called "live". Thanks to the ERGland AR application, from anywhere in the world you can visit the "home cities" of ERG in Kazakhstan, as well as in the Democratic Republic of the Congo and Brazil. Pointing a smartphone at photos of production and social facilities that appeared over the 25 years of the company's work, it's easy to see 3D models of buildings, get acquainted with video of production processes in industrial giants, and the social infrastructure of small industrial cities.

**ERG: 25 лет созидания, г. Нур-Султан, 2019 г. – 236 стр., на казахском, английском и русском языках. ISBN 978-601-80512-8-9**

Фотоальбом посвящен юбилею ERG. В альбоме мы покажем, как за 25 лет – период присутствия Группы в регионах – изменилась социальная жизнь, проходили этапы модернизации производственных подразделений предприятий. Здесь представлены архивные кадры и фотографии новых объектов. Уникальность нашего издания в том, что часть фотографий можно назвать "живыми". Благодаря AR-приложению ERGland из любой точки мира можно побывать в "родных городах" ERG в Казахстане, а также в Демократической Республике Конго и Бразилии. Наведя смартфон на фотографии производственных и социальных объектов, появившихся за 25 лет работы компании, легко рассмотреть 3D-модели зданий, ознакомиться с видео производственных процессов на промышленных гигантах, социальной инфраструктурой малых индустриальных городов.

ӘОЖ 327 (084)
КБЖ 66.4 я6

**Макет**
"Казахстаника" Ұлттық Брендинг Агенттігі" ЖШС, Алматы қ.

**Layout**
National Branding Agency "Kazakhstanika" LLP, Almaty

**Макет книги**
ТОО "Национальное Брендинговое Агентство "Казахстаника", г. Алматы

**Тиражды өндіруші**
"Индиго Принт" ЖШС, Нұр-Сұлтан қ.

**Printed by**
Indigo Print LLP, Nur-Sultan

**Тиражирование книги**
ТОО "Индиго Принт", г. Нур-Султан

ISBN 978-601-80512-8-9

© National Branding Agency "Kazakhstanika" LLP,
Нур-Султан, 2019

# ERG: ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 25 ЖЫЛЫ

# ERG: 25 YEARS OF PERFORMANCE

# ERG: 25 ЛЕТ СОЗИДАНИЯ

Кітаптағы фотосуреттер шынайы өмір мен нысанның виртуалды бейнесін шебер үйлестіреп теңдессіз технологияларды пайдалана отырып жасалған. Виртуалды нысанды көру үшін төмендегі нұсқаулық талаптарын орындаңыз:

1. App Store немесе Google Play-ден ERGland қосымшасын жүктеп алыңыз.
2. Қосымшаны қосып, "ТУРДЫ БАСТАУ" түймешесін басыңыз.
3. Кітапты ашып, арнайы символы бар суретті телефоныңыздың камерасымен нысанаға алыңыз.
4. Қондырғыңызды әр жағына қарай қисайтып, 3D моделді толық көріп шығуыңызға болады.
5. 3D-ден видеоға немесе керісінше, видеодан 3D-ге ауысу үшін оң жақ бұрыштағы түймешені басыңыз.
6. Сізге ыңғайлы болуы үшін фотоальбом парақтары мейілінше теріс жататындай етіп, орналастырып алыңыз.
7. Қосымшаны жарық жақсы түсетін жерде пайдаланыңыз.

***Сізге ұнайды деген үміттеміз!***

The book contains photographs with objects of augmented reality – a unique technology that allows you to combine the real world with virtual objects. To see augmented reality, follow the simple instructions:

1. Download the ERGland app on the App Store or Google Play.
2. Launch the application, click the "START TOUR" button.
3. Open the book and point the camera of your device in the photo with a special symbol.
4. Rotate the device from different angles to view the 3D model from all sides.
5. To switch from 3D to video and vice versa, click on the button in the lower right corner.
6. For comfortable viewing, hold the book so that the sheets are as even as possible.
7. Use the application in good light.

***Enjoy watching!***

Книга содержит фотографии с объектами дополненной реальности – уникальной технологии, позволяющей совмещать реальный мир с виртуальными объектами. Чтобы увидеть дополненную реальность, следуйте простой инструкции:

1. Скачайте приложение ERGland в App Store или Google Play.
2. Запустите приложение, нажмите кнопку "НАЧАТЬ ТУР".
3. Откройте книгу и наведите камеру вашего устройства на фотографии со специальным символом.
4. Поворачивайте устройство под разными углами, чтобы посмотреть 3D модель со всех сторон.
5. Для переключения с 3D на видео и наоборот нажимайте на кнопку в нижнем правом углу.
6. Для комфортного просмотра придерживайте книгу так, чтобы листы лежали как можно ровнее.
7. Работайте с приложением при хорошем освещении.

***Приятного просмотра!***











## Құрметті Еуразиялық Топ кәсіпорындарының қызметкерлері!

Сіздерді айтулы оқиға – ERG компаниясы құрылуының 25 жылдығымен құттықтаймын!

Ұжымдарыңыздың шежіресі Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу және даму тарихымен тығыз байланысты.

Металлургтер, шахтерлер, тасымалдаушылар, энергетиктер, инженерлер – сіздердің әрқайсыңыз біздің қуатты және заманауи мемлекетіміздің құрылуына өлшеусіз үлес қостыңыздар.

Ширек ғасыр ішінде компанияларыңыз 60 мыңнан астам қазақстандықты тұрақты жұмыспен қамтамасыз етті, бірқатар жаңа кәсіпорындар салды, индустриялық-инновациялық дамуда сөзсіз көшбасшылыққа қол жеткізді және халықаралық деңгейге шықты.

Еуразиялық Топ кәсіпорындарының сондай-ақ әлеуметтік саланы дамытуға үлкен көңіл бөліп, отандастарымыздың өмір сапасын жақсартуға және сенімді болашағын қамтамасыз етуге қаражат бөлетіні де қуантады.

Сіздер Отанымыз – Қазақстан Республикасының өндірістік әлеуетін нығайту жолында алдағы кезде де лайықты еңбек ете бересіздер деп сенемін.

**Зор денсаулық, жаңа табыстар мен игіліктер тілеймін!**

**Нұрсұлтан Назарбаев**
**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы**

## Dear employees
## of the Eurasian Group companies!

I congratulate you on this remarkable event – the 25th anniversary of ERG!

Chronicle of the beginning of your team is inextricably linked to the history of formation and development of independent Kazakhstan.

Metallurgists, miners, transport workers, energy specialists, engineers – each of you has made an invaluable contribution to the construction of our strong and modern state.

Over a quarter of a century, your company has provided steady jobs to more than 60 thousand people of Kazakhstan, built a number of new enterprises, achieved undeniable leadership in industrial and innovative development and reached the international level.

It is gratifying to emphasize that the companies of the Eurasian Group also pay considerable attention to social development by investing in improvement of the quality of life of our fellow citizens and ensuring their confident future.

I am confident that you will continue to work with dignity for the benefit of strengthening the industrial potential of our Homeland – the Republic of Kazakhstan

**I wish you health, new successes and prosperity!**

**Nursultan Nazarbayev**
**First President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy**

## Уважаемые сотрудники предприятий
## Евразийской Группы!

Поздравляю вас со знаменательным событием – 25-летием создания компании ERG!

Летопись зарождения вашего коллектива неразрывно связана с историей становления и развития независимого Казахстана.

Металлурги, шахтеры, транспортники, энергетики, инженеры – каждый из вас внес неоценимый вклад в строительство нашего сильного и современного государства.

За четверть века ваша компания обеспечила стабильной работой свыше 60 тысяч казахстанцев, возвела целый ряд новых предприятий, добилась бесспорного лидерства в индустриально-инновационном развитии и вышла на международный уровень.

Отрадно, что предприятия Евразийской Группы уделяют также большое внимание развитию социальной сферы, инвестируют средства в улучшение качества жизни и обеспечение уверенного будущего соотечественников.

Уверен, что вы будете и впредь достойно трудиться во благо укрепления промышленного потенциала нашей Родины – Республики Казахстан.

**Желаю вам здоровья, новых успехов и благополучия!**

**Нурсултан Назарбаев**
**Первый Президент Республики Казахстан – Елбасы**



## Құрметті Eurasian Resources Group компаниясының ұжымы!

Баршаңызды «Eurasian Resources Group» компаниясының 25 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын.

ERG – отандық тау-кен металлургиясы өнеркәсібіндегі беделі зор компания ғана емес, бір мақсат жолына жұмылып, жарқын болашаққа ұмтылған білікті ұжым.

Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз ел экономикасының әлеуетін нығайтып, халықтың әл-ауқатының жақсаруына оң ықпал етуде. ERG-дің жылдық өндірісі 1 триллион теңгеден асады.

Қазақстанда қызмет ете бастаған сәттен бері ERG компаниясы өндірістің дамуына 12,6 миллиард доллардан астам қаржы салды. Бұл инвестициялар кәсіпорындарды жаңғыртуға, жаңа өндіріс орындарын ашуға, сондай-ақ компанияның ауқымын кеңейтіп, озық инновацияларды енгізуге мол мүмкіндіктер берді. Ең бастысы, Сіздер адам капиталының дамуына айрықша мән беріп келесіздер.

ERG компаниясы еліміздің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыруға белсене атсалысуда. Екі бесжылдық ішінде 366,4 миллиард теңгені құрайтын 13 жоба іске асырылды, 4 мыңға жуық жұмыс орны ашылды.

**Бұл – шын мәнінде жоғары бағаға лайықты жұмыс.**
**ERG ұжымына зор денсаулық, табыс пен амандық тілеймін.**

**Қасым-Жомарт Тоқаев**
**Қазақстан Республикасының Президенті**

## Dear employees of Eurasian Resources Group!

I would like to congratulate you on the 25th anniversary of Eurasian Resources Group!

ERG is not only the leader of the domestic mining and metallurgy sector, but also a company which always aims to ensure bright future for its employees!

Through your hard work, you make a great contribution to building the potential of the country's economy and to the well-being of the nation. ERG enterprises' annual output amounts to more than one trillion tenge.

Since the beginning of its business in Kazakhstan, ERG has invested over 12.6 billion USD into production development. These funds were invested in the enterprises modernization, new production facilities launching, company expansion, and advanced innovation introduction. The most important fact is that you pay great attention to the human resource development.

ERG makes an important contribution to the implementation of the State Program for accelerated industrial-innovative development of Kazakhstan. Over a decade, 13 projects worth 364.4 billion tenge have been implemented, about 4,000 jobs have been provided.

**This is a tremendous work deserving the highest appreciation!**
**I wish ERG staff good health, success and well-being!**

**Kassym-Jomart Tokayev**
**The President of the Republic of Kazakhstan**

## Уважаемые сотрудники ERG!

Поздравляю вас с 25-летием компании Eurasian Resources Group!

ERG – не только лидер отечественного горно-металлургического комплекса, но и компания, которая всегда ставит целью – светлое будущее своих сотрудников!

Своим тяжелым трудом вы вносите огромный вклад в наращивание потенциала экономики страны и в благополучие всего народа. Ежегодно предприятия ERG производят продукции на сумму свыше одного триллиона тенге.

С начала деятельности в Казахстане компания ERG инвестировала в развитие производства свыше 12,6 миллиарда долларов. Эти средства направлены на модернизацию предприятий, открытие новых производств, расширение компании и внедрение инноваций. Самое главное – вы уделяете особое внимание развитию человеческого капитала.

Компания ERG вносит весомый вклад в реализацию программы форсированного индустриально-инновационного развития страны. На протяжении двух пятилеток был дан старт 13 проектам стоимостью 364,4 миллиарда тенге, создано около 4 000 рабочих мест.

**Это колоссальная работа, которая заслуживает высокой оценки!**
**Желаю коллективу ERG крепкого здоровья, успехов и благополучия!**

**Касым-Жомарт Токаев**
**Президент Республики Казахстан**

  

## Құрметті достар!

Баршаңызды ERG-дің 25 жылдығымен құттықтаймыз! Бұл ортақ тарихымыздың парақтарын тағы бір ақтарып, зерделеп шығуға жақсы себеп.

Ширек ғасырды бәріміз жұмыла, бірлесе еңсердік. Бұл қиын да күрделі, қызықты да алуан түрлі оқиғаларға толы кезең болды. Олардың өндірістік әрі тарихи мәні ерекше.

Алғашқы қадамдарымыз, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың әкелік қамқорлығы мен Еуразиялық Топтың іргесін бірге қаласқан қызметкерлеріміз, бәрі-бәрі жадымызда. Әр қателік пен олқы түскен жеріміз жігерімізді жаныды; әрбір жеңіс ERG командасының дұрыс бағытта ілгерілеп келе жатқанына сенім ұялатып, шабыт берді.

Достар, 1994 жылы – Топтың даңқты тарихының іргесі қаланды. Сонау тоқсаныншы жылдары біз жанымызға жоспарларымызға сенген әрі мұраттас болған – мықты да батыл адамдарды топтастырдық. Бізді сол адамдардың бүгін де арамызда екені, толысқан тәжірибелерімен қашан да бөлісуге әзір екені және қажет кезде оларға арқа сүйей алатынымыз қуантады.

Топтың 25 жылдық еңбек жолы – теңдессіз тәжірибе. Біз еуразиаттықтар зауыттар салып, оны тиісті қуатына шығардық. Жаңа өндірістік нысандарды іске қосып, бәсекеге қабілетті өнім өндірдік. Рекордтар орнатып, өнімді сатудың тың нарықтарын іздедік. Біз Қазақстан экономикасының екпінін үдетіп, нығайттық. Иә, ERG-дің мыңдаған кәсіби мамандардан тұратын ұжымы осы ауқымды істі абыроймен атқарды. Біз мұнымен тоқтамаймыз!

Бүгінде ERG заман талабына сай өндірістік-технологиялық базасы мығым әрі жоғары білікті қызметкерлері бар саладағы жетекші компаниялардың қатарынан ойып тұрып орын алған. Тиімді менеджмент, ұдайы жаңа технологияларды енгізу, адал әрі еңбекқор ұжым, сенімді серіктес пен қуатты бәсекелестердің арқасында Топ тұрақты дамып, қарқынын үдетіп келеді. Мұратын берік ұстанып, жаңа белестерге ұмтылған ұзақ мерзімді жоспарлар құрып отыр.

Қадірлі еуразиаттықтар, біздің ортақ ісіміз – Топтың дамып гүлдену жолындағы еселі еңбектеріңіз үшін алғыс айтамыз. Әрқайсыңыздың маңдай теріңіз компанияның келешегіне қосқан сүбелі үлес. Кәсіпорын ардагерлеріне айрықша алғыс ақтарамыз. Әрі кезінде Сіздер қалыптастырған игі дәстүр сабақтастығын жалғап, бүгінде оны компанияның құндылықтарымен шебер үйлестіре алдық деп нық сеніммен айта аламыз.

Әріптестер, ширек ғасырда атқарылған іс аз емес. Өндірістік активтерді дамыту мәселелерінен бөлек, ERG қайырымдылық пен әлеуметтік бағдарламаларға да белсене қатысып, тұрақты атсалысып келді. Әлі де бұл игі істерді ілкімді дамыта бермек. Компания "туған қалаларын" дамыту мен ондағы адам капиталын жақсартуға миллиардтап инвестиция құйып отыр. Бұл бастамаларды жоғары бағалаған Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бізді "ең әлеуметтік жауапты компания" деп танып, 2017 жылы ұлттық "Парыз" байқауының бас жүлдесін табыстады.

Алда бағындырар белес пен жүзеге асырылатын ауқымды жобалар көп! Біз адамзатқа жаңа қатерлер мен мүмкіндіктер ұсынған Төртінші индустриалдық төңкеріс заманында өмір сүріп жатырмыз. Бүгінде командамызға көз жүгіртсек, кез келген тапсырманы еңсеруге қауқарлы екенімізге сенім ұялайды.

Достар, компаниямыздың мерей тойына орай жүрекжарды құттықтауларымызды қабыл алыңыздар. Алда да бүгінгідей болашаққа нық сенімді, мақсаткер әрі ынталы бола берулеріңізге тілектеспіз! Дендеріңіз сау, махаббатқа бөленіп, қуатты, сәтті де бақытты болыңыздар!

**Ізгі ниетпен,**
**Александр Машкевич**
**Патох Шодиев**
**Алиджан Ибрагимов**

## Dear friends,

Congratulations on the 25th anniversary of the Group. Today, we have good reason to look back on our history with pride.

Together, we have been on a journey that has lasted 25 years. It has been a difficult but eventful and exciting one, full of important milestones and great operational achievements.

We remember our first steps, the continued support of Elbasy Nursultan Nazarbayev and those employees with whom we set out to build the Group into the business it is today. Every mistake and failure gave us new strength; every victory inspired us and gave us confidence that the team was moving in the right direction.

Dear friends, 1994 marked the start of the Group's glorious history. In the early 1990s, we were joined by like-minded people who had trust in our plans and who were fearless and determined. We are glad that so many of them are still working together with us today: they continue to share their experience, sincerely rejoice in the company's success and offer a helping hand and a shoulder to lean on when needed.

These 25 years of the Group's operations have been a tremendous experience. We have been developing factories and ramping them up to new capacity, launching new production facilities and manufacturing competitive products, setting records, searching for and finding new markets. We have helped to revive and strengthen the economy of Kazakhstan. Indeed this has been achieved by ERG's professional team comprising thousands of people. We are determined to continue our work!

Today, ERG, with its modern manufacturing and technological capabilities and highly skilled employees is rightfully one of the leading companies in the industry. Thanks to effective management, continuous implementation of the latest technologies, a dedicated and hard-working team, honest partners and strong competitors, the Group is developing rapidly, enhancing its potential and devising long-term plans to make sure that it continues to go from strength to strength in line with the company's mission.

Dear employees, we are grateful for your commitment to our common cause: the development and prosperity of the Group. All your efforts help to shape a better future for the company. We would like to extend special thanks to the veterans of our enterprises. Undoubtedly, we have succeeded in maintaining the traditions that you had established and in incorporating them seamlessly into the company's values.

Dear colleagues, we have made significant progress over the past quarter of a century. In addition to developing its production assets, ERG has been participating and will continue to be actively involved in charitable and social programmes. The company invests billions of tenge in the development of human capital and its home towns. In appreciation of our noble initiatives, in 2017, the country's First President Nursultan Nazarbayev awarded the top prize in the Paryz National Competition to the Group as the most socially responsible company in Kazakhstan.

We have new heights to conquer and ambitious projects ahead of us. We will live in the era of the Fourth Industrial Revolution, which is posing new global challenges. Looking at our team, we are convinced that we can accomplish any task.

Dear friends, please accept our sincere congratulations on the anniversary of our company. May your outlook on life be confident, purposeful, enthusiastic and inquisitive! We wish you health, courage, vitality, success, love and happiness!

**Faithfully yours,**
**Alexander Machkevitch**
**Patokh Chodiev**
**Alijan Ibragimov**



## Дорогие друзья!

Поздравляем нас всех с 25-летием ERG. Сегодня у нас есть хороший повод с гордостью перелистать книгу нашей истории.

Мы вместе прошли путь длиною в 25 лет. Это был нелегкий, но насыщенный, интересный путь, наполненный большим историческим и производственным содержанием.

Мы помним наши первые шаги, постоянную отеческую поддержку Елбасы Нурсултана Абишевича Назарбаева и тех сотрудников, с кем начинали строить Евразийскую Группу. Каждая ошибка и провал давали нам новые силы; каждая победа вдохновляла и вселяла уверенность в том, что команда ERG движется в правильном направлении.

Друзья, 1994 год стал отправной точкой в славной истории Группы. В те далекие 90-е годы мы сплотили вокруг себя единомышленников, поверивших в наши планы – это смелые и сильные люди. И рады, что большинство из них сегодня рядом с нами: продолжают делиться опытом, искренне радоваться успехам компании и, когда нужно, подставлять плечо.

25 лет работы Группы – это колоссальный опыт. Мы, евразийцы, поднимали заводы и выводили их на новые мощности, запускали новые производственные объекты и выпускали конкурентоспособную продукцию, ставили рекорды, искали и находили рынки сбыта. Мы помогали поднимать и укреплять экономику Казахстана. Да, это делала профессиональная многотысячная команда ERG. И мы не останавливаемся!

Сегодня ERG по праву входит в число ведущих компаний отрасли, обладающих современной производственно-технологической базой и высококвалифицированными сотрудниками. Благодаря эффективному менеджменту, постоянному внедрению новейших технологий, преданному и трудолюбивому коллективу, честным партнерам и сильным конкурентам, Группа динамично развивается, наращивает свой потенциал и, придерживаясь миссии компании, строит долгосрочные планы по выходу на новые высокие рубежи.

Дорогие евразийцы, мы благодарны вам за добросовестное отношение к нашему общему делу – развитию и процветанию Группы. Труд каждого из вас – это вклад в лучшее будущее компании. Особые слова признательности выражаем ветеранам предприятий. Уверяем, заложенные вами традиции удалось сохранить и плавно вплести в ценности компании.

Коллеги, за прошедшие четверть века было сделано немало важного. Наряду с решением вопросов развития производственных активов, ERG принимала и будет принимать активное участие в благотворительных и социальных программах. Компания инвестирует миллиарды тенге в развитие родных городов и человеческого капитала. Высоко оценив наши благородные инициативы, Первый Президент страны Нурсултан Назарбаев в 2017 году вручил Группе Гран-при национального конкурса "Парыз", как самой социально ответственной компании.

Впереди у нас покорение новых вершин и реализация амбициозных проектов! Нам предстоит жить в период Четвертой промышленной революции, которая готовит миру новые вызовы. Глядя на нашу команду, убеждены, что нам под силу решение любой задачи.

Друзья-евразийцы, примите наши искренние поздравления с днем рождения нашей компании. Желаем вам также уверенно, целеустремленно, с энтузиазмом и интересом смотреть на жизнь! Будьте здоровы, неуязвимы, энергичны, удачливы, любимы и счастливы!

**Искренне ваши,**
**Александр Машкевич**
**Патох Шодиев**
**Алиджан Ибрагимов**



## Қадірлі оқырман,

Қолыңыздағы кітап – Қазақстандағы жетекші өнеркәсіп тобының 25 жылғы қызметінің кейбір жетістіктері мен жемісінің бір парасы деуге болады. Бұл фотоальбом осы ширек ғасыр ішінде елдегі өндіріс саласы қалай өзгергенін, ERG “туған қалаларымыз” атайтын кейбір қалалардың келбеті қалай түрленгенін паш етеді. Осы орайда алдымен сонау 1994 жылғы ахуал еске түседі: тау-кен металлургия кәсіпорындары тоқырап, тұралап тұрды. Еңбекақы мен зейнетақы төленбей, қылышын сүйрете келер қыстан қалай шығарымыз да белгісіз еді. Міне, осындай қысылтаң шақта дағдарысты еңсеріп, компаниялар тобын құрып, жұмысты жолға қою да оңай болмағаны анық.

Бүгінде ERG – тек қуатты өнеркәсіп Тобы ғана емес, қазақстандық өндірістің бір ту астына біріккен көшбасшылары. 30-дан астам шағын қалалар мен елді мекендер үшін Топ кәсіпорындары – тұрақтылықтың символы. Қазіргі таңда Еуразиялық Топ – өңірлердегі басты жұмыс беруші. 60 мыңнан астам жұмыс орнының басым бөлігі моноқалаларда. Бұл елдің ішкі жалпы өнімінің 2% деген сөз.

Жыл сайын ERG кәсіпорындары миллиондаған тонна кен мен көмір өндіріп, ферроқорытпа балқытады. Өндіріс пен тұрғындарды қажетті электр қуатымен қамдап отыр. Қазақстанда жұмыс істей бастағалы бергі 25 жылда ERG бар өндірісті дамытып, жаңа жұмыс орындарын ашуға 12 миллиард доллардан астам инвестиция құйды. Қазақстандағы жоғары маркалы алюминий өндіретін жалғыз кәсіпорын – Қазақстан электролиз зауыты мен темір кенін өндіруші алпауыт – ССКӨБ-тегі “Ақылды кеніш” – компания мақтанышы.

2001 жылы ERG-дің әлеуметтік инвестицияларының көлемі 226 млрд теңгеден асты. Тек соңғы 6 жылда Топтың қолдауымен Қазақстанның 11 өңірінде 1 400 әлеуметтік жоба жүзеге асырылған.

Мен барлық еуразиаттықтарды осы мерейлі межемен шын жүректен құттықтап, елдің ертеңгі әл-ауқатын арттыру жолында толайым табыстар тілеймін!

**Құрметпен,**
**Альберт Павлович Рау**
**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты**



## Dear readers,

This book is a kind of a summary presenting an overview of activities of one of Kazakhstan's leading industrial groups over the past 25 years. It vividly illustrates how the industry of our country and the cities that ERG calls its “home cities” have changed over this period. I cannot help but recall how it all began: back in 1994, mining and metals enterprises were facing a severe crisis; pensions and salaries were not paid in cities for many months, and it was not clear how to survive the winter. Overcoming the crisis and establishing and developing the group of companies was a real challenge.

Today, ERG is not just a major industrial Group comprising flagship enterprises of Kazakhstan's manufacturing industry. The Group's enterprises are a symbol of stability for more than 30 cities and small towns. Today, the Eurasian Group is one of the main employers in the regions providing over 60,000 jobs, primarily in mining towns, and accounting for about 2% of the country's GDP.

Every year, ERG's enterprises mine millions of tonnes of ore and coal, produce ferroalloys and supply electricity to industrial enterprises and households. Over 25 years of doing business in Kazakhstan, ERG has invested more than USD 12 billion in the development of existing and creation of new manufacturing enterprises. The Company is proud of its Kazakhstan Aluminium Smelter, which is the only producer of primary aluminium in the country, and the innovative Smart Mine project launched by an iron ore major, SSGPO. All this is a great contribution to the economy of Kazakhstan and the country's infrastructure development.

Since 2001, social investments made by ERG have exceeded KZT 226 billion. Over the last six years alone, the Group has provided support for more than 1,400 social projects in 11 regions of Kazakhstan.

I would like to congratulate all the employees of the Eurasian Group on this significant date and wish them every success in continuing this journey for many years to come for the benefit of our country!

**Yours faithfully,**
**Albert Rau**
**Deputy of the Mazhilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan**

## Уважаемые читатели,

Перед вами – своеобразный итог, обзор деятельности одной из ведущих промышленных групп Казахстана за 25 лет. В этом фотоальбоме мы можем наглядно сравнить, как изменилась промышленность нашей страны за этот период, как меняли свой облик города, которые в ERG называют “родными”. Невольно вспоминаю, как все начиналось: 1994 год, предприятия ГМК в глубоком кризисе, в городах много месяцев не выплачиваются пенсии и зарплаты, не ясно, как зимовать. И каким непростым было преодоление кризиса и становление группы компаний.

Сегодня ERG – не просто крупнейшая промышленная Группа, объединяющая флагманы казахстанского производства. Для более 30 городов и малых населенных пунктов предприятия Группы – это символ стабильности. Сегодня Евразийская Группа – один из главных работодателей в регионах, это свыше 60 000 рабочих мест, основная часть которых приходится на моногорода, и порядка 2% от ВВП страны.

Ежегодно предприятия ERG добывают миллионы тонн руды и угля, выплавляют ферросплавы, обеспечивают электроэнергией производство и население. За 25 лет своей деятельности в Казахстане ERG направила на развитие действующих и создание новых производств более 12 миллиардов долларов. Гордость компании – единственный в стране производитель алюминия высокой марки – Казахстанский электролизный завод, инновационный проект “Умный карьер” на железорудном гиганте – ССГПО. Все это – огромный вклад в экономику Казахстана и инфраструктурное развитие страны.

С 2001 года объем социальных инвестиций ERG превысил 226 млрд тенге. Только за последние шесть лет при поддержке Группы реализовано более 1 400 социальных проектов в 11 регионах Казахстана.

Я поздравляю всех евразийцев с этой знаменательной датой и желаю долгого продолжения этого пути во благо нашей страны!

**С уважением,**
**Альберт Павлович Рау**
**Депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан**



# Contents

# Содержание

# МАЗМҰНЫ


20 **НҰР-СҰЛТАН**
Nur-Sultan
Нур-Султан

34 **ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ**
Pavlodar region
Павлодарская область

98 **ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ**
Kostanay region
Костанайская область

162 **АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**
Aktobe region
Актюбинская область

194 **ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ**
Karaganda region
Карагандинская область

218 **АФРИКА**
Africa
Африка

228 **БРАЗИЛИЯ**
Brazil
Бразилия

# НҰР-СҰЛТАН

2016 жылы 4 маусымда
МИЛЛИОНЫНШЫ ТҰРҒЫНЫ ТУДЫ

Қазақстан астанасы еңселі – Нұр-Сұлтан қаласы. 1998 жылы қала ресми астана мәртебесін алды. ERG компаниясының басқарушы кеңсесі де осында орналасқан.

Бас қала ресми түрде ERG-дің “туған қалалары” санатына кірмегенімен, іс жүзінде Топ оның қарқынды дамуына ұдайы сүбелі үлес қосып келеді. Компания қаладағы әлеуметтік нысандардың құрылысы мен оны абаттандыруға қомақты инвестиция құйып отыр. ERG қолдауымен бой көтерген “Астана опера” театры мен Ботаника бағы қала тұрғындары мен қонақтары жиі баратын көрікті де сүйікті орындарға айналған. Елорданың 20 жылдық мерейтойы қарсаңында салынған “Бейбітшілік қабырғасы” монументінің мәні мен маңызы бөлек.

Осы орайда, ЮНЕСКО шешімімен 1999 жылдан бері Қазақстан астанасы “бейбітшілік қаласы” атауына ие болғанын да айта кеткен жөн.

2019 жылы қала Нұр-Сұлтан атанып, тарихының жаңа парағын ашса, ERG ширек ғасырын түйіндеп, жаңа жоспар мен тың бастамалар түзіп, бас қаламен, елмен бірге ілгерілей бермек.

Нұр-Сұлтандағы ең көне ағаш – қаланың орталық бағында осыдан 120 жыл бұрын көктеген тал

“Зүбаржат орамы” Қазақстандағы 210 метр ЕҢ БИІК ғимарат



# NUR-SULTAN CITY

The one millionth resident was born on the 4 of July 2016

As the capital city of Kazakhstan, Nur-Sultan has a relatively short but vibrant history. Nur-Sultan gained its status as the official capital in 1998 – the same year ERG established itself in the city – then known as Astana.

Although formally the capital is not one of ERG's "home cities", the Group nonetheless is actively involved in the development and investment of the city. The Group continually invests in the construction of social facilities and landscaping projects. Buildings such as the Astana Opera Theatre, Botanical Garden and a monument commemorating the city's 20th anniversary – the Peace Wall monument – are a testament of ERG's support and serve as a popular attraction amongst local Nur-Sultan residents. In 1999, the capital was proud to be awarded the title of City of Peace by UNESCO.

In 2019, the capital city entered a new chapter in its history, by changing its official name from Astana to Nur-Sultan. ERG, having been present in the city for over 20 years, continues to grow and develop together with Nur-Sultan as well as Kazakhstan as a whole.

Nur-Sultan's oldest tree grows in the city's central park. It is a 120 year old black poplar

the Emerald Quarter 210m the TALLEST BUILDING in Kazakhstan



# НУР-СУЛТАН

4 июля 2016 года родился миллионный житель

Столица Казахстана – Нур-Султан имеет относительно короткую, но насыщенную историю. Официальный статус столицы бывший город целинников приобрел в 1998 году. Тогда же в Астане обосновался офис управляющей компании ERG.

И если официально столица не носит статус "родного" города ERG, то на практике в его развитие Группа вкладывает немало средств и сил. Компания активно инвестирует в строительство социальных объектов и благоустройство. При непосредственной поддержке ERG на радость астанчан и гостей города здесь появились такие знаковые объекты, как театр "Астана Опера", Ботанический сад и подарок к 20-летнему юбилею – символичный монумент "Стена мира". Кстати, с 1999 года столица Казахстана по решению ЮНЕСКО носит гордое звание "город мира".

В 2019 году столица начала новый виток истории под именем Нур-Султан, а ERG, отсчитав четверть века своей истории, строит новые планы и продолжает развиваться вместе с городом и страной.

"Изумрудный квартал" 210 метров самое высокое здание в Казахстане

Самое возрастное дерево в Нур-Султане растет в центральном парке города 120 летний черный тополь

## “Астана опера” мемлекеттік опера және балет театры

Нұр-Сұлтан қ.

**“Астана Опера” – Орта Азиядағы ең ірі театр. Ол әлемнің озық сәулет дәстүрлерін қолдана отырып, ұлттық нақышта салынған. Әрі әлемдік жоғары техникалық стандарттарға сай. Театр сахнасында әйгілі Ла Скала, “Сан-Карло”, “Карло Феличе” театрлары мен Пласидо Доминго, Борис Эйфман қатарлы жұлдыздар өнер көрсеткен.**



### Astana Opera State Opera and Ballet Theatre

Nur-Sultan city

The Astana Opera is the largest theatre in Central Asia. It was built according to the world’s highest architectural standards and in line with the country’s national spirit. Famous theatres such as La Scala, Teatro di San Carlo, Teatro Carlo Felice, as well as stars such as Placido Domingo, Boris Eifman and many others have already performed here.

### Государственный театр оперы и балета “Астана Опера”

г. Нур-Султан

“Астана Опера” – крупнейший театр Центральной Азии. Он спроектирован и построен в лучших традициях мирового зодчества. Его отличает насыщенный национальный колорит и соответствие самым современным техническим стандартам. Здесь уже выступали известные театры “Ла Скала”, “Сан-Карло”, “Карло Феличе”, а также такие звезды, как Пласидо Доминго, Борис Эйфман и многие другие.



# “Бейбітшілік қабырғасы”
Нұр-Сұлтан қ.

**Монумент ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың “Әлем. XXI ғасыр” атты антиядролық манифесті идеясынан тамыр алған. Ол БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі мен Бас ассамблеясының ресми құжаты мәртебесіне ие. Мемориал қабырғасында әлемнің 51 тілінде “Бейбітшілік” деген сөз жазылған.**



## Peace Wall Monument
Nur-Sultan city

The Peace Wall monument is based on the antinuclear manifesto of the First President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev, “The Peace. The 21st Century”, which has the status of an official document of the UN General Assembly and the UN Security Council. The word “peace” is displayed in 51 languages on the memorial.

## Монумент “Стена мира”
г. Нур-Султан

Красной нитью через монумент “Стена мира” проходит идея антиядерного манифеста Первого Президента РК Н. А. Назарбаева “Мир. XXI век”. Манифест имеет статус официального документа Генеральной Ассамблеи и Совета безопасности ООН. Монумент, на котором на 51 языке выведено слово “мир”, стал местом “паломничества” горожан и гостей столицы.



## Ботаника саябағы

Нұр-Сұлтан қ.

**Елорданың 20 жылдығы қарсаңында ашылған Ботаника бағының жалпы аумағы – 90 гектар. Осы аумақты жасыл желекпен көмкеруге жұмсалған қаражаттың жартысынан астамы – ERG қаражаты. Бүгінде бұл бақ флораны сақтаудың теңдессіз базасына айналған. Мұнда ағаштың 90 мыңға тарта түрі жапырақ жайып, жайқалып тұр.**



### Botanical Garden

Nur-Sultan city

The Botanical Garden, which was opened to mark the 20th anniversary of the capital, is almost 90 hectares in size. ERG has funded more than half of the construction costs of the garden. The Botanical Garden has become a unique site for flora conservation. About 90 thousand trees and bushes have been planted here.

### Ботанический сад

г. Нур-Султан

Площадь Ботанического сада, открытого к 20-летию столицы, составляет почти 90 гектаров. Более половины стоимости его строительства – финансовые средства ERG. Ботанический сад стал уникальной базой для сохранения флоры Центрального Казахстана. Здесь высажено порядка 90 тысяч деревьев и кустарников.





# “Қарлығаш-2” балабақшасы

Нұр-Сұлтан қ.

**160 орындық балабақшаның негізгі басымдығы – дене шынықтыру мен сауықтыру. Мұнда “сөйлей алатын” қабырғалар, балалардың белсенді ойын орталықтары, робототехника зертханасы мен аква және гидропонды қондырғылар орнатылған. Бұл оқыту мен интерактивті коммуникативтік технологияларды шебер үйлестіруге мүмкіндік берген.**



## Karlygash-2 Kindergarten

Nur-Sultan city

In this kindergarten for 160 children, the priority is sports and health. A learning environment is organised here using interactive communication technologies – talking walls, children’s activity centres, robotics laboratories and aqua and hydroponic systems.

## Детский сад “Қарлығаш-2”

г. Нур-Султан

В детском саду на 160 мест приоритетное направление – физкультурно-оздоровительное. Здесь организована обучающая среда с применением интерактивных коммуникативных технологий – “говорящих” стен, центров детской активности, лабораторий робототехники, аква- и гидропонных установок.





# Веложолдар инфрақұрылымы

Нұр-Сұлтан қ.

**Елорданың 20 жылдық мерейтойына орай Еуразиялық Топ бас қалада велосипед жолы инфрақұрылымын дамыту жобасына қолдау көрсетті. Қаланың көрікті жерлерін жағалай жүретін ол жасыл белдеу жиегіндегі жолға барып қосылады. Жол жиегіне арнайы қоқыс жәшіктері мен тынығуға арналған орындықтар орнатылған.**



## Cycleway Infrastructure

Nur-Sultan city

For the capital's 20th anniversary, ERG supported a project to build cycling infrastructure in the city. It is close to the city's main attractions and connects to the cycle lane along the green belt. It includes bicycle parking, benches for relaxation and special bins.

## Велодорожная инфраструктура

г. Нур-Султан

В честь 20-летия столицы ERG поддержала проект по строительству велодорожной инфраструктуры. Она пролегает рядом с главными достопримечательностями столицы и соединяется с маршрутом вдоль зеленого пояса. Здесь установлены специальные урны, велопарковки и скамейки для отдыха.



# ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Павлодар өңірі елдің өнеркәсіптік күре тамыры әрі Еуразиялық Топтың табысты тарихы тамыр алған өлке.

25 жыл бұрын облысқа алғашқы инвесторлар келіп, өңірде өрлеу басталған. Нәтижесінде бүгінде Павлодар облысы Қазақстан алюминий өнеркәсібінің орталығы саналады. Глинозем өндірісі Қостанай мен Павлодар арасындағы байланысты бекітіп, жоғары маркалы дербес алюминий өндірісін қалыптастыруға тұғыр болды. Бұл міндетті Топ құрамындағы ең жас кәсіпорын – Қазақстан электролиз зауыты мүлткісіз атқарып жүр. Ондағы өндіріс заман талабына сай қарыштап, көптеген жұмыс толықтай автоматтандырылған.

Павлодар облысындағы Ақсу атты шағын қалада ERG-дің қос алпауыты – "Қазхром" ТҰК" АҚ Ақсу ферроқорытпа зауыты мен "Еуроазиаттық энергетикалық корпорациясы" АҚ Ақсу электр станциясы орналасқан. Сондықтан 70 мың тұрғын мекен еткен қаладан тағдыры бұл қуатты кәсіпорындармен жанаспаған адам табу екіталай.

2018 жылы жарты ғасырлық мерейтойын атап өткен Ақсу ферроқорытпа зауыты – әлемдегі ірі ферроқорытпа өндіруші, әрі жеткізуші. Өнеркәсіп алпауытында 26 пешті біріктіретін 4 балқыту цехы бар. Жыл сайын ол 1 миллион тоннадан астам өнім шығарып, оның басым бөлігін алыс шетелдерге экспорттайды. Кәсіпорынның бірегейлігі – түрлі маркалы болат қорытуға қажетті хромды, кремнийлі және марганецті қорытпалардың кең көлемді өндірісін біріктіруі.

Ақсу электр станциясы – елдегі ең көне өндіріс кәсіпорындарының бірі. Оның орнатылған қуаты – 2 450 МВт. Елдегі электр қуатының 17%-ын осы кәсіпорын өндіреді. Нәтижесінде, ол Қазақстандағы ірі электр қуатын жеткізушілер қатарында.

Түптен келгенде зауыт пен электр станциясының арқасында қала бой көтеріп, қалыптасты. Кезінде олардың құрылысына бүкіл Одақтың төрт тарабынан ынталы мамандар шақырылған болатын. Содан бері жайлы мекен Ақсу "металлургтер мен энергетиктер қаласы" аталады.

"ЕЭК" АҚ "Шығыс" кенішінен ҚР-дағы көмірдің 20% өндіріледі. Негізгі тұтынушы – "ЕЭК" АҚ Ақсу электр станциясы, Ақсу ферроқорытпа зауыты, "Қазақстан алюминийі" АҚ ЖЭО, Омбы ЖЭО және т.б.

**55 жылда Павлодар алюминий зауыты 60 млн тоннадан астам глинозем өндірген. Осы бастапқы алюминийді вагондарға бір мезетте тиеп, бір жылжымалы құрамға тіркесек, эшалонның басы Лос-Анджелеске жеткенде соңы Павлодардан енді қозғалып бара жатар еді. Яғни, ұзындығы 10 290 км-ге жетіп жығылар.**






# PAVLODAR REGION

The region of Pavlodar is both at the heart of Kazakhstan and the place where Eurasian Resources Group's success began.

When the first investors came to the region 25 years ago, it prompted an economic boom and the region is now at the centre of Kazakhstan's aluminium industry. No only does the Group mine alumina that acts as an important link between Kostanay and Pavlodar, but it also comprises Kazakhstan's first and only producer of high-grade primary aluminium. The work is carried out at Kazakhstan Aluminium Smelter JSC (KAS), which is among ERG's most recently established enterprises. The processes are modern, as the majority of them have been automated.

Two of ERG's significantly sized operations, the Aksu Ferroalloy Plant of Kazchrome TNC JSC and the Aksu Power Plant of Eurasian Energy Corporation JSC, are located in the city of Aksu in the Pavlodar region and make up an important presence for the city's 70,000 inhabitants.

The Aksu Ferroalloy Plant, which celebrated its 50th anniversary in 2018, is one of the world's largest manufacturers and suppliers of ferroalloys. Four melting shops with 26 furnaces are installed at this plant. Over 1 million tons of ferroalloys is produced here annually, a large percentage of which is exported overseas. This large-scale production facility for chromium, silicon and manganese alloys necessary to produce steel of various grades makes this enterprise unique.

The Aksu Power Plant is among the Group's leading enterprises. Its installed capacity reaches 2,450 MW. The plant generates approximately 17% of the country's total electric energy, which makes it Kazakhstan's biggest energy supplier.

As a city, Aksu has developed thanks to the ferroalloy plant and the power plant. Hospitable and welcoming, Aksu has been known as "the city of metallurgists and energy workers".

The production at the Vostochny coal pit of EEC JSC, located in Ekibastuz, accounts for 20% of the total coal output in the Republic of Kazakhstan. The key consumers of the Vostochny coal pit include the electric power plant of EEC JSC, Aksu Ferroalloy Plant, CHPP No.1 of Aluminium of Kazakhstan JSC and Omsk CHP plants.

**Over its 55 years of existence, Pavlodar Alumina Plant has produced more than 60 million tons of alumina. If all the alumina is loaded on one train, its length would equal the distance from Pavlodar to Los Angeles or 10,290 km.**

55 лет
years

60 млн
mln
тонн глинозема
tons of alumina




10 290 км
km

